**Павлодар қаласы №7 жалпы орта білім беру мектебінің асханасын тексеру актісі 23.09.22 ж.**

Біз, комиссия құрамы мектеп басшысының м.а. М.А. Мухтарова, ДТІЖО Г.О. Тлеукенова, әлеуметтік педагог Мухаметжарова Г.Р., медбике М.М. Тулекова, ата-аналар комитетінің төрайымы - Г.А. Абдуразахова, қамқоршылық кеңесінің төрайымы – Р.Б. Айтуар, қамқоршылық кеңесінің мүшесі – С.С.Таржакаева 23 қыркүйек күні таңертеңгі сағат 10.30-да мектеп асханасына рейд жүргіздік.

Тексеріс кезінде асхана жылы, таза, тамақ дайындайтын және тамақтарды сақтайтын орындары барлық талаптарға сай екенің анықталды. Асхана қызметкерлерінің сырт келбеттері талапқа сай болады. Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық. Кезекші мұғалімдер кесте бойынша өздерінің кезекшілігін атқаруда. Бастауыш сынып оқушылары алдын-ала тапсырыстарын беріп, топпен келіп тамақтанады. Күнделікті мектеп басшысының қолы мен мөрі қойылған Ас мәзірі қабырғада ілулі тұр. Дайындалған тағам ас мәзіріне сәйкес болды. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына бал беріледі. Бракеражды журналды мектеп медбикесі күнделікті таңертең келіп, ас мәзіріне сәйкестігін тексеріп, содан соң журналды толтырады.

Тексеріс соңында ата-анаға тамақтың құнарлығын өз көзімен көру үшін дәмін татып көру ұсынылды. Балаларға беріп жатқан картоптың, көженің, котлеттің, компоттың т.б сол сияқты тағамдардың дәмін татып көрді. Булочка, самса т.б. тағамдар жаңа пісірілгені көрініп тұр. Ата-анаға ұнады, бірақ асхана тағамы үйдің тамағындай болмайтының айтып өтті.

Ұсыныс: 1) Балалардың беріліп жатқан тағамның сапасына көп көңіл аударуды және дәмді болуын үнемі қадағалауды ұсынылды.

2) Алынатын шұжықтың халал болуын қадағалау керектігін айтты.

3) Өнім сапасын бақылау және сертификаттарының мерзімі мен өнімдерді сақтау шарттарын бақылауда ұстау.



Ұсыныс: 1. Әр күнгі тамақтардың ас мәзіріне сәйкестігін қадағалау.

2. Сынып жетекшілері тегін тамақтанатын 1-4 сынып оқушыларының тамақтануын бақылауда ұстау және бақылау күнделігін күнде тексеру және толтырып отыру.

Мектеп басшысының м.а. М.А. Мухтарова

Әлеуметтік педагог Г.Р. Мухаметжарова

Жалгер А.Т. Жумабекова